

## Жалпы мақсаттағы авиация пайдаланушыларды ұшуға жіберу қағидаларын бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 31 желтоқсандағы № 1522 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 29 желтоқсандағы № 901 қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 29.12.2016 № 901 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.  
Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

ҚР мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша 2014 жылғы 29 қыркүйектегі № 239-V ҚРЗ Заңына сәйкес ҚР Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 30 қазандағы № 1023 б ұ й р ы ғ ы н қ а р а ң ы з .

"Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" 2010 жылғы 15 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабының 22) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Жалпы мақсаттағы авиация пайдаланушыларды ұшуға жіберу қағидалары бекітілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі .

Қазақстан

Республикасының

Премьер-Министрі

К.

Мәсімов

Қазақстан  
Үкіметінің  
2010 жылғы 31  
№ 1522  
бекітілген

Республикасы  
желтоқсандағы  
қаулысымен

## Жалпы мақсаттағы авиацияны пайдаланушыларды ұшуға жіберу қағидалары

### 1. Жалпы ережелер

1. Осы Жалпы мақсаттағы авиация пайдаланушыларды ұшуға жіберу қағидалары (бұдан әрі - Қағида) "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 15 шілдедегі Заңының талаптарына және Халықаралық азаматтық авиация туралы конвенцияның (II бөлім) 6-қосымшасына (1944 ж. Чикаго) сәйкес ә з і р л е н д і .

2. Осы Қағида сертификатталған ең жоғары ұшу массасы бес мың жеті жүз киллограммнан кем болатын және сертификатталған ең жоғарғы ұшу массасына қарамастан тікұшақтарды пайдаланатын, сондай-ақ сертификатталған ең жоғарғы ұшу массасы бес мың жеті жүз килограммнан асатын ұшақтарды және (немесе) бір немесе бірнеше турбореактивты (турбобұрандалы) қозғалтқышпен жарақтандырылған ұшақтарды пайдаланатын жеке және заңды тұлғаларды жалпы мақсаттағы авиация ұшуын орындауға жіберу тәртібін анықтайды.

3. Осы Қағидада мынадай терминдер мен анықтамалар қолданылады:

1) өтініш беруші – жалпы мақсаттағы авиацияны пайдаланушы ретінде есепке тұру немесе жалпы мақсаттағы авиация ұшуын орындау құқығына арналған куәлік алу үшін азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органға өтініш берген жеке немесе немесе заңды тұлға ;

2) ұшуды орындау құқығына арналған куәлік – Жалпы мақсаттағы авиацияны пайдаланушыларды ұшуға жіберу қағидасында белгіленген талаптарға сәйкестігін куәландыратын азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган б е р е т і н құ ж а т ;

3) жалпы мақсаттағы авиацияны пайдаланушы – әуе кемесін жалпы мақсаттағы авиация мақсатында ұшу үшін пайдаланатын жеке немесе заңды т ұ л ғ а ;

4) жалпы мақсаттағы авиация ұшуы – коммерциялық әуе тасымалы немесе авиациялық жұмыстарды орындауға байланысты ұшудан басқа, әуе кемелерінің ұ ш у ы ;

5) ұшуды орындау жөніндегі нұсқаулық – ұшудың тәртібін, ұйымдастырылуын, қамтамасыз етілуін және орындалуын регламенттейтін құжат;

6) техникалық қызмет көрсетуді реттеу жөніндегі пайдаланушының нұсқаулығы – осы пайдаланушының әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету жөніндегі жоспарлы және жоспарлы емес барлық жұмыстардың уақтылы және қанағаттанарлықтай орындалуын басқару мүмкіндігін қамтамасыз ететін пайдаланушы рәсімдерінің сипатын қамтитын құжат.

**2. Сертификатталған ең жоғары ұшу массасы бес мың жеті жүз киллограммнан кем болатын ұшақтарды және сертификатталған ең**

## **жоғары ұшу массасына қарамастан тікұшақтарды пайдаланатын жалпы мақсаттағы авиацияны пайдаланушыларды ұшуға жіберу**

4. Сертификатталған ең жоғары ұшу массасы бес мың жеті жүз килограммнан кем болатын ұшақтарды және сертификатталған ең жоғары ұшу массасына қарамастан тікұшақтарды пайдаланатын жалпы мақсаттағы авиацияны пайдаланушыларды ұшуға жіберуге мынадай шарттарды сақтау:

1) әуе кемесінің осы түрін басқаруға рұқсаты бар пилоттың қолданыстағы куәлігінің болуы;

2) азаматтық әуе кемесін мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің және азаматтық әуе кемесінің ұшуға жарамдылығының қолданыстағы сертификатының болуы;

3) Қазақстан Республикасының міндетті сақтандыру түрлері туралы заңдарының талаптарына сәйкес сақтандыруды қамтамасыз ету;

4) аэроклубтармен немесе әуе кемелерін пайдаланушыларды біріктіретін коммерциялық емес ұйымдармен бақыланбайтын әуе кеңістігінде ұшу кезінде авариялық хабар беруді қамтамасыз ету бойынша қызмет көрсетуге шарттар жасау негіз болып табылады.

5. Сертификатталған ең жоғары ұшу массасы бес мың жеті жүз килограммнан кем болатын ұшақтарды және сертификатталған ең жоғары ұшу массасына қарамастан тікұшақтарды пайдаланатын жалпы мақсаттағы авиацияны пайдаланушыларды жіберу үшін өтініш беруші азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органға осы Қағидаға 2-қосымшаға сәйкес құжаттарды қоса отырып, осы Қағидаға 1-қосымшаға сәйкес өтінім жолдайды.

6. Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган күнтізбелік 10 күн ішінде өтініш беруші ұсынған құжаттарды қарайды. Егер құжаттар осы Қағиданың талаптарына сәйкес келмесе немесе толық көлемде ұсынылмаса, онда өтінім жазбаша түрде қайтару себебі көрсетіле отырып қайтаруға жатады.

7. Құжаттар осы Қағиданың талаптарына сәйкес келген жағдайда азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган әуе кемесінің осы өтініш берушісін (иесін) есепке қояды.

8. Жалпы мақсаттағы авиация әуе кемелерін пайдаланушыларды (иелерін) есепке алуды электрондық және қағаз тасымалдағышта азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган жүзеге асырады.

9. Әуе кемесінің иесі мен командирі (пилот) ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.

## **3. Сертификатталған ең жоғары ұшу массасы бес мың жеті жүз килограмнан асатын ұшақтарды және (немесе) бір немесе бірнеше**

**турбореактивті (турбобұрандалы) қозғалтқышпен жарақтандырылған ұшақтарды пайдаланатын жалпы мақсаттағы авиацияны пайдаланушыларды ұшуға жіберу**

10. Сертификатталған ең жоғары ұшу массасы бес мың жеті жүз килограмнан асатын ұшақтарды және (немесе) бір немесе бірнеше турбореактивті (турбобұрандалы) қозғалтқышпен жарақтандырылған ұшақтарды пайдаланатын жалпы мақсаттағы авиацияны пайдаланушылар азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган жалпы мақсаттағы авиацияны пайдаланушылардың ұшуды орындау құқығына арналған куәлікті (бұдан әрі – Куәлік) бергеннен кейін ұшуға жіберіледі.

11. Куәлікті басқа адамға беруге болмайды.

12. Куәлік 3 жыл мерзімге беріледі. Тексеру кезеңділігі 3 жылды құрайды.

13. Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органның қолымен және мөрімен куәландырылған Куәліктің көшірмесі әуе кемесінің бортында болады.

14. Жалпы мақсаттағы авиацияны пайдаланушы ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.

#### **4. Куәлікті беру тәртібі**

15. Куәлікті берудің мынадай тәртібі белгіленеді:

1) әуе кемесінің өтініш берушісінің (иесінің) азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органға құжаттармен өтінім беруі;

2) азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органның алдын ала бағалауы және өтінім бойынша шешім қабылдауы;

3) азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органның әуе кемесінің өтініш берушісінің (иесінің) осы Қағидаға сәйкестігіне тексеру жүргізуі;

4) Куәлік беруі (беруден бас тарту).

16. Куәлікті алу үшін өтініш беруші азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органға осы Қағидаға 4-қосымшаға сәйкес құжаттары бар осы Қағидаға 3-қосымшаға сәйкес өтінім жолдайды.

Өтініш беруші ұсынылатын мәліметтердің дұрыстығын қамтамасыз етеді.

17. Кейінгі тексерулер кезінде өтініш беруші азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органға өтінімді мәлімделетін өзгерістерге қатысты (өзгерістер болған немесе жаңартуды қажет ететіндер бойынша) құжаттарымен ұсынады.

18. Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган ұсынылған құжаттарды қарайды және өтінім берген сәттен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен аспайтын мерзімде ол бойынша тиісті шешім қабылдап, ол туралы өтініш берушіге

х а б а р л а й д ы .

19. Қоса берілген құжаттар осы Қағидаға 4-қосымшаға сәйкес келмеген жағдайда, қайтару себептері көрсетіліп, өтінім қайтарылуға жатады.

20. Құжаттарды алдын ала бағалау кезінде мынадай мәселелер қаралады:

- 1) өтінім берушінің ұйымдық құрылымы және басқарудың негізгі қағида т т а р ы ;
- 2) штатының жинақталуы және авиациялық персоналдың даярлық дәрежесі;
- 3) басшы құрамның ұшуды ұйымдастыру мен қамтамасыз етудегі тәжірибесі;
- 4) осы Қағидаға 5-қосымшаға сәйкес басшы құрам мен ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз етуге тікелей байланысты мамандар бойынша деректердің болуы;
- 5) басқа ұйымдармен әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету және авиациялық персоналды оқытуға келісімдердің болуы;
- 6) әуе кемелерін экипажымен немесе экипажсыз (ондайлар болған жағдайда) жалға алу келісімдерінің (шарттарының) болуы;
- 7) өтініш беруші ұсынған әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету бағдарламасын, әуе қозғалысының ұйымдастырылуын және ұшуды қамтамасыз ететін басқа да қызметтерді алдын ала талқылауды жүргізу;
- 8) ұшуды орындау жөніндегі басшылықтың осы Қағидаға 6-қосымшаға және пайдаланушының техникалық қызмет көрсетуді реттеу жөніндегі нұсқаудың осы Қағидаға 7-қосымшаға сәйкестігі.

21. Құжаттар осы Қағиданың талаптарына сәйкес келген жағдайда, азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган өтініш берушіні тексеруді жүргізу үшін комиссия (бұдан әрі - Комиссия) құрады.

Комиссияның құрамына азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органның функцияларына әуе кемелерін пайдалану, оларға техникалық қызмет көрсету және ұшу жарамды күйде ұстау мәселелері жататын қызметкерлері кіреді.

22. Өтініш берушіні (пайдаланушыны) тексеру оның қызметінің барлық аспектілерін қамтиды, оларға мыналар жатады:

- 1) құқықтық қамтамасыз ету;
- 2) қаржылық-экономикалық қамтамасыз ету;
- 3) ұшудың пайдаланылуын қамтамасыз ету;
- 4) инженерлік-авиациялық қамтамасыз ету;
- 5) аэронавигациялық қамтамасыз ету;
- 6) метеорологиялық қамтамасыз ету;
- 7) әуеайлақтық және әуежайлық қамтамасыз ету;
- 8) медициналық қамтамасыз ету.

23. Ұшу және жердегі қызметтер жұмысын тексеру қойылған міндеттерді шешу үшін авиациялық персоналдың, жердегі құралдарының және жабдықтардың дайындық дәрежесін анықтау мақсатында жүргізіледі.

Бұл ретте ғимараттар мен құрылыстардың тиісті түрде жабдықталғаны, күзет сигналының, хабардар ету құралдарының болуы және олардың тікелей мақсаты бойынша пайдаланылатыны тексеріледі және расталады.

24. Ұшу жұмыстарын ұйымдастыру, ұшу құрамын даярлау және оның біліктілігі әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі саласындағы заңнаманың талаптарына сәйкес болуы тиіс.

25. Өтініш берушінің әуе кемелерінің (әуе кемесінің) қолданыстағы ұшуға жарамдылы сертификаттары немесе Қазақстан Республикасында қолданыстағы деп танылған шетел мемлекеттерінің ұшуға жарамдылық сертификаттары б о л а д ы .

26. Мынадай құжаттар міндетті тексеруге жатады:

- 1) ұшуды ұйымдастыру және орындау жөніндегі;
- 2) ұшуды қамтамасыз ету жөніндегі;
- 3) экипаж мүшелері мен қызмет көрсететін персоналдың жеке істері;
- 4) экипаждың ұшу және жұмыс уақытын есепке алу жөніндегі;
- 5) пайдаланымдық және борттық жазулар.

27. Мәлімделген ұшу түрлерін орындау үшін өтініш берушінің әуе кемелері Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін Қазақстан Республикасының әуе кеңістігінде ұшудың негізгі қағидасының талаптарына сай жабдықталады.

28. Халықаралық ұшуларды орындау кезінде өтініш беруші басқа елдердің әуежайларында өз өкілдерінің немесе басқа елдердің әуежайларында өкілдігі бар азаматтық авиация ұйымымен шарт жасасу арқылы техникалық қызмет көрсетуді көздеуі тиіс. Басқа елдердің әуежайларында техникалық қызмет көрсету тиісті мемлекеттің әуежайларында техникалық қызметті ұйымдастырудың белгіленген тәртібіне сәйкес жүзеге асырылуы тиіс.

29. Тексеру нәтижелері бойынша осы Қағидаға 8-қосымшаға сәйкес 2 данада акт жасалып, өтініш беруші объектілерінің нақты жай-күйі, қорытындылар, ұсыныстар мен Куәлікті беру мүмкіндігі (мүмкін еместігі) туралы қорытынды көрсетіледі. Актіге Комиссияның барлық мүшелері қол қояды және танысу үшін ө т і н і ш б е р у ш і г е б е р і л е д і .

30. Егер өтініш берушінің әуе кемелерін ұшуда, техникалық пайдалану және ұшуды орындауды қамтамасыз ету үшін қажетті сертификатталған әуе кемелері, даярланған персоналы, құжаттамасы, жабдығы, ғимараттары, құрылыстары бар болса, азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган Куәлік беру туралы шешім қабылдайды, сондай-ақ міндетті сақтандыруды жүзеге асырады.

31. Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган тексеру актісіне қол қойылған күнінен бастап күнтізбелік 7 күн ішінде осы Қағидаға 9-қосымшаға сәйкес куәлікті ресімдеуді және беруді жүзеге асырады.

1) өтініш беруші ұсынған құжаттар осы Қағиданың талаптарына сәйкес келмеген ;

2) өтініш беруші осы Қағиданың талаптарына сәйкес келмеген;

3) өтініш берушіге қатысты қызметтердің осы түрлерін көрсетуге тыйым салатын сот шешімі болса ;

4) Комиссияның Куәлікті беру мүмкін еместігі туралы қорытындысы болған жағдайларда Куәлік беруден бас тарту жүргізіледі.

33. Куәлік беруден бас тартылған кезде өтініш берушіге жазбаша түрде бас тарту себептері көрсетілген дәлелді жауап беріледі.

## **5. Куәліктің қолдануын тоқтата тұру**

34. Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган:

1) пайдаланушы осы Қағидада белгіленген талаптар мен шектеулерді сақтамаған ;

2) міндетті сақтандыру түрлері туралы Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарына сәйкес сақтандыруды қамтамасыз етпеген;

3) инспекциялық тексеру кезінде, соның ішінде шетел мемлекеттерінде белгіленген ұшу қауіпсіздігіне әсерін тигізетін бұзушылықтар анықталған жағдайларда Куәліктің қолданылуын тоқтата тұрады.

35. Куәліктің қолданылуы тоқтатыла тұрған жағдайда азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган тоқтатыла тұру себебін көрсетеді және пайдаланушы мен аэронавигациялық ақпарат қызметін қабылданған шешім туралы хабардар етеді .

36. Куәліктің қолданылуын қалпына келтіруді (ол тоқтатыла тұрған жағдайда ) азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган пайдаланушы анықталған кемшіліктерді жойып, азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган пайдаланушыға инспекциялық тексеру жүргізгеннен кейін жүзеге асырады.

## **6. Куәлікке өзгерістер енгізу, телнұсқасын беру**

37. Куәлікті пайдалану бойынша арнайы ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізген кезде өтініш беруші азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органға осы Қағидаға 10-қосымшаға сәйкес құжаттары бар өтінімді жібереді .

38. Пайдаланушының атауы, оның мәртебесі, ведомстволық тиесілілігі өзгерген жағдайда, егер олар осы Қағиданың талаптарына сәйкессіздіктерге әкеп соқтырмайтын болса, Куәлікке және Куәлікті пайдалану бойынша арнайы

ережеге тиісті өзгерістер енгізіледі. Өзгерістер енгізу мерзімі өтінім берген сәттен бастап күнтізбелік 10 күнді құрайды.

39. Пайдаланушы бұрын өзі пайдаланбаған басқа үлгідегі әуе кемелерін сатып алған (жалға алу, лизинг) жағдайда азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган инспекциялық тексеру жүргізеді, оның нәтижелері бойынша Куәліктің арнайы ережелеріне тиісінше толықтырулар (өзгерістер) енгізіледі.

40. Куәлік бүлінген немесе жоғалған (ұрланған) жағдайда азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган күнтізбелік 10 күн ішінде Куәліктің телнұсқасын б е р е д і .

41. Пайдаланушы Куәліктің телнұсқасын алу үшін бұрын берілген Куәлікті қажетті негіздемелерімен және қосымшаларымен, еркін нысандағы өтінішпен бірге азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органға береді (жоғалған ( ұ р л а н ғ а н ) ж а ғ д а й д а н б а с қ а ) .

Жалпы мақсаттағы авиацияны пайдаланушыларды ұшуға жіберу қағидасына 1-қосымша  
Н ы с а н  
Уәкілетті органның басшысына  
-----  
(уәкілетті органның атауы)

**Ең жоғары сертификатталған ұшу массасы бес мың жеті жүз киллограммнан кем болатын ұшақтарды және ұшу массасына қарамастан ең жоғары сертификатталған тікұшақтарды пайдаланатын жалпы мақсаттағы авиацияны пайдаланушыларға арналған өтініш**

1. \_\_\_\_\_  
(өтініш берушінің толық және қысқа атауы (жалпы мақсаттағы авиацияны п а й д а л а н у ш ы )

өтініш беруші жеке тұлғаның Т.А.Ә., өтінім беруші (жалпы мақсаттағы авиацияны пайдаланушының) заңды тұлғаның тіркеу нөмірі - немесе негізгі құжаттарының деректемелері, өтініш беруші жеке тұлғаның (жалпы мақсаттағы авиацияны пайдаланушының) жеке куәлігі.

2. Жалпы мақсаттағы авиацияны пайдаланушы ретінде тіркеуді сұрайды ( өзгерістерді енгізу) \_\_\_\_\_



(өзгертілетін деректерді көрсету)

3. өтініш берушінің (жалпы мақсаттағы авиацияны пайдаланушының) СТН (ИИН): \_\_\_\_\_

4. Өтініш беруші заңды тұлғаның немесе жеке тұлғаның (жалпы мақсаттағы авиацияны пайдаланушының) банктік деректемелері: \_\_\_\_\_

5. Өтініш беруші заңды тұлғаның (жалпы мақсаттағы авиацияны пайдаланушының) немесе өтініш беруші (жалпы мақсаттағы авиацияны пайдаланушының) жеке тұлғаның орналасқан жері (мекенжайы): \_\_\_\_\_

6. Өтініш берушінің (жалпы мақсаттағы авиацияны пайдаланушының) пошталық (нақты) мекенжайы: \_\_\_\_\_

7. Байланыс телефондары: \_\_\_\_\_

8. Факс (егер де бар болса): \_\_\_\_\_

9. Электрондық поштаның мекенжайы (егер де бар болса): \_\_\_\_\_

10. Жалпы мақсаттағы авиацияны пайдалану мақсатында ӘК орналастыратын әуеайлақ (алаң): \_\_\_\_\_

11. ӘК орналастыратын әуеайлақты (алаңды) пайдалануға арналған шарт немесе ӘК орналастыратын әуеайлақты (алаңды) пайдалану құқығын растайтын басқа да құжат (құжаттар) (атауы, нөмірі, беру уақыты, қолданылу мерзімі): \_\_\_\_\_

12. Мәлімделетін ұшу түрлері: \_\_\_\_\_

13. Қазақстан Республикасы шегінде немесе одан тыс жерлерде ұшу өңірлері : \_\_\_\_\_

14. Ұшу басталардың жоспарланған мерзімі: \_\_\_\_\_

Ө т і н і ш б е р у ш і :

жалпы мақсаттағы авиацияны пайдаланушыға қойылатын талаптарды о р ы н д а у ғ а ;

азматтық авиация саласындағы уәкілетті органның инспекторларына ұшуды ұйымдастыруға, қамтамасыз етілуі мен орындалуын бақылауды жүзеге асыруға мүмкіндік ж а с а у ғ а м і н д е т т е н е д і ;

өтініш берушінің (жалпы мақсаттағы авиацияны пайдаланушының) - (заңды тұлғаның) (басшының лауазымы, Т.А.Ә., қолы) М.О.

өтініш берушінің (жалпы мақсаттағы авиацияны пайдаланушының) – (жеке тұлғаның) Т . А . Ә . , қ о л ы

**Ең жоғары сертификатталған ұшу массасы бес мың жеті жүз  
киллограммнан кем болатын ұшақтарды және ұшу массасына  
қарамастан ең жоғары сертификатталған тікұшақтарды  
пайдаланатын жалпы мақсаттағы авиацияны  
пайдаланушыларға арналған  
құжаттар тізбесі**

1. Әуе кемесінің осы үлгісін басқаруға рұқсат берумен пилоттың куәлігінің  
қ о л д а н ы с т а ғ ы к ө ш і р м е с і .

2. Азаматтық әуе кемесін мемлекеттік тіркеу туралы куәлігінің көшірмесі.

3. Азаматтық әуе кемесін ұшу жарамдылығы сертификатының көшірмесі.

4. Міндетті сақтандыру түрлері туралы Қазақстан Республикасы заңдарының  
талаптарына сәйкес міндетті сақтандыру түрінің сақтандыру полисінің  
к ө ш і р м е л е р і .

5. Аэроклубтармен немесе әуе кемелерін пайдаланушыларды біріктіретін  
коммерциялық емес ұйымдармен бақыланбайтын әуе кеңістігінде ұшу кезінде  
авариялық хабар беруді қамтамасыз ету бойынша қызмет көрсетуге шарттардың  
к ө ш і р м е л е р і .

Өтініш берушінің ұсынылған барлық құжаттары қол қоюмен және мөрмен  
р а с т а л а д ы .

**Ең жоғары сертификатталған ұшу массасы 5 700 килограммнан артық  
ұшақтарды және (немесе) бір немесе бірнеше турбореактивті  
(турбовинтті) қозғалтқыштармен жарақтандырылған ұшақтарда  
ұшуларды орындау құқығына куәлік алуға өтініш (жалпы мақсаттағы  
авиацияны пайдаланушы куәлігін пайдалану жөніндегі арнайы  
ережелерге өзгерістер енгізуге арналған)**

м а қ с а т ы н д а

(ұшуды орындау куәлігін алу, қолданылу мерзімін ұзарту, ішкі (халықаралық) әуе желілерінде ұшуды орындау үшін жауап беруге және куәлік жөніндегі арнайы ережелерге өзгерістер енгізу)

Тексеру жүргізуді өтінемін \_\_\_\_\_  
(өтініш берушінің толық аты-жөні)

ұшуды бастаудың жоспарланған күні \_\_\_\_\_

(ұзарту/өзгерістер енгізу кезінде тиісінше қолданыстағы пайдаланушы куәлігінің аяқталу мерзімі немесе жаңа пайдалану жағдайындағы ұшуды б а с т а у д ы ң

жоспарланған күні көрсетіледі)

өтініш беруші азаматтық авиация саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сай болуға азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органға ұшудың ұйымдастырылуын, қамтамасыз етілуін және орындалуын бақылауды жүзеге асыруға мүмкіндік беруге міндеттенеді.

өтініш берушінің (жалпы мақсаттағы авиацияны пайдаланушының) - (заңды тұлғаның) \_\_\_\_\_  
(басшының лауазымы, Т.А.Ә., қолы) М.О.

өтініш берушінің (жалпы мақсаттағы авиацияны пайдаланушының) – (жеке тұлғаның) \_\_\_\_\_  
Т.А.Ә., \_\_\_\_\_ қолы)

Жалпы мақсаттағы авиацияны  
пайдаланушыларды ұшуға  
жіберу қағидасына  
4-қосымша

**Ең жоғары сертификатталған ұшу массасы 5700 килограммнан артық ұшақтарды және (немесе) бір немесе бірнеше турбореактивтермен (турбиналды) қозғалтқыштармен жарақтандырылған ұшақтарды пайдаланатын жалпы мақсаттағы авиацияны пайдаланушыларға арналған құжаттар тізбесі**

1. Өтініш берушінің мынадай мазмұндағы ақпараты:

1) заңды тұлға үшін – заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманың не куәліктің (БСН), салық төлеуші куәлігінің көшірмелері;

2) жеке тұлғалар үшін жеке куәліктің және салық төлеуші куәлігінің (ЖСН) көшірмелері ;

3) өтініш берушінің тіркелген атауы;

- 4) өтініш берушінің негізгі қызмет орнының мекенжайы;
- 5) өтініш берушінің негізгі қызмет орнының, елдің кодын қоса алғанда, телефон нөмірі мен факсі, бар болса электрондық поштасының мекенжайы;
- 6) ұшуды ұйымдастыру түрі;
- 7) ұшу өңірлері (аудандары);
- 8) әуе кемелеріне арналған деректер және қолдану бойынша шектеулер;
- 9) әуе кемесіне техникалық қызмет көрсетуді ұйымдастыру;
- 10) ұшу жұмыстарын ұйымдастыру;
- 11) ұшуды қамтамасыз ету.

**Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 21.05.2013 № 507 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

2. Ұйымдастыру құрылымы, штаттық кестесі.

3. Ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз етуге тікелей байланысты басшылық құрамы мен авиациялық мамандардың міндеттерін белгілейтін лауазымдық нұсқаулықтар.

4. Экипаждың жұмысы және демалыс уақыты туралы ереже, соның ішінде ұшу кезіндегі ең аз экипаж құрамымен (Нақты әуе кемесін ұшуға пайдалану жөніндегі нұсқауға сәйкес) және күшейтілген экипажбен немесе бір әуе кемесінде екі экипажбен ұшу.

5. Ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз етуге тікелей байланысты басшылық құрамы мен авиациялық мамандар жөніндегі мәліметтер.

6. Командалық-ұшу, нұсқаушы және ұшқыштар құрамы туралы деректер:

- 1) лауазымы;
- 2) аты, тегі, әкесінің аты;
- 3) бастапқы дайындығы;
- 4) класы, нөмірі, ұшқыштар құрамы куәлігінің әрекет ету мерзімі, кім берді;
- 5) жалпы ұшу;
- 6) кем дегенде әуе кемесінің командирімен әуе кемесі түрлері бойынша ұшу, қатарға қосу өткен (өтетін) құжаттың атауы, соңғы сыныптау тексерудің мерзімі (ұшуды басқару техникасы, ұшақты жүргізу, ұшудағы практикалық жұмысы);
- 7) медициналық куәландыру, куәліктің әрекет ету мерзімі;
- 8) ағылшын тілінде байланыс жүргізуге рұқсат беру, құжаттың нөмірі, кім және қашан берілді;
- 9) мамандық бойынша соңғы біліктілікті жетілдіру курсы;
- 10) ағылшын тілі бойынша соңғы біліктілікті жетілдіру курсы;
- 11) авариялық жағдайда әрекет ету бойынша машықтануды үйрену және қуаттау;
- 12) соңғы жұмыс орны (ұйымның атауы, лауазымы, жұмыс істеген кезеңі).

7. Негізге алынып ұшу қызметі жүзеге асырылатын құжаттардың тізбесі.
8. Пайдаланушының басшылығы бекіткен және азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органмен келісілген Ұшу жөніндегі нұсқау.
9. Пайдаланушының басшылығы бекіткен және азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органмен келісілген Ең аз жабдықтар тізбесі (MEL);
10. Негізгі алынып техникалық қызмет көрсету жүргізілетін құжаттардың т і з б е с і ;
11. Пайдаланушының басшылығы бекіткен Техникалық қызмет көрсетуді реттеу жөніндегі пайдаланушының нұсқауы.
12. Азаматтық әуе кемелерін мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің, ұшуға жарамдылық сертификаттарының, радиостанцияларға арналған рұқсаттың (лицензиясы), әуе кемелерінің жергілікті жерлердегі шуылы бойынша сертификаттардың көшірмесі.
13. Қазақстан Республикасының міндетті сақтандыру түрлері туралы заңдарының талаптарына сәйкес міндетті сақтандырудың сақтандыру полистерінің көшірмесі.
14. Ұшуды қамтамасыз ету, әуе кемелерін бірлесіп пайдалану, авиациялық қауіпсіздік шараларын қамтамасыз етуге арналған келісімшарттардың көшірмелері.
15. Пайдаланушының басшылығы бекіткен әуе кемелері бояуының және пайдаланушының басшылығы бекіткен мәтіндік сипаттамасының үлгілері.
16. Азаматтық авиация қызметіне заңсыз араласу актілерін болдырмау бойынша шаралар туралы құжаттар.
17. Халықаралық ұшуға арналған құжаттар:
- 1) халықаралық ұшуды орындау үшін нормативтік және ұшу құжаттамасының тізбесі мен оның болуы;
  - 2) әуежайлардағы кедендік, төлқұжаттық, санитарлық және карантиндік бақылау жөніндегі ақпарат;
18. Әуе кемелері туралы мәліметтер және әуе кемелерінің түрі, олардың жабдықтары бойынша техникалық қызмет көрсетуді ұйымдастыру сипаттамасы, сондай-ақ әрбір әуе кемесінің орналасқан жері туралы анықтамасы.
19. Әуе кемелерін пайдалану бойынша шектеулер:
- 1) әуе кемесінің түрі, моделі;
  - 2) тіркеу нөмірі;
  - 3) әуе кемесінің қонуына кіруге рұқсаты және Азаматтық авиация халықаралық ұйымының I, II, III санаттары бойынша қону;
  - 4) қонуға кіру жүйесі бойынша әуе кемесі үшін белгіленген минимумдар: ILS, VOR/DME, PAR, 2NDB, PAR+2NDB, VOR, NDB;
  - 5) ұшуды көзбен шолу және қонуға кіру үшін әуе кемелеріне арналған

белгіленген минимумдар;

6) (PBN) (RNAV 10, RNAV 5, RNAV 4, RNAV 1, RNP 4, RNP APCH) сипаттамаларына негізделген навигация жағдайында ұшуға рұқсат;

7) (GNSS, DME/DME, IRU/IRS, VOR/DME, LRNS, MNPS) сипаттамаларына негізделген навигациялық ерекшеліктерге байланысты шектеулер;

8) ұлғайтылған ұзақтығы жағдайында әуе кемелеріне ұшуға рұқсат беру (ETOPS) (қос двигательді әуе кемелері үшін);

9) тік эшелондау жағдайында ұшуға рұқсат беру (RVSM);

10) аудандарда немесе (RCP) байланыстың тиісті түрі орнатылған бағыттар бойынша ұшуға арналған жабдықтармен әуе кемелерін жабдықтау;

11) соқтығысудың алдын алу жүйесімен жарақтандыру.

20. Әуе кемелерін жалдауға (фрахт) арналған шарттардың (келісімшарты) көшірмелері .

21. Пайдаланушының ұшу қауіпсіздігін басқару жөніндегі нұсқаулығы.

Жоғарғыда көрсетілген барлық құжаттардың көшірмелері өтініш берушінің қолымен және мөрімен куәландырылады.

Жалпы мақсаттағы авиацияны  
пайдаланушыларды ұшуға  
жіберу қағидасына  
5-қосымша

### **Ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз етумен тікелей байланысты басшылық құрам және мамандар жөніндегі деректер**

1. Тегі, аты, әкесінің аты, атқаратын лауазымы.

2. Туған жылы .

3. \* Білімі .

4. \* Арнайы білімі (даярлығы).

5. Басшылық лауазымдардағы жұмысы (атқарып отырған қызметтегі жұмыс өтілінен көрсету) .

6. Азаматтық авиация маманы куәлігінің нөмірі, оның қолданылу мерзімі.

7. Біліктілікті арттыру (күні, оқу орны, біліктілікті арттыру бағдарламасы).

8. Кезеңді аттестаттаудан өту, қорытынды

Басшы \_\_\_\_\_  
( күні , қолы )

\*Ескертпе: Өтініш беруші білімі және арнайы даярлығы туралы құжаттарының көшірмелерін береді.

Жалпы мақсаттағы авиацияны  
пайдаланушыларды ұшуға

## Ұшу жөніндегі үлгі нұсқау

Ұшу жөніндегі үлгі нұсқауды әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсетуді реттейтін қолданыстағы қағидаларға, нұсқаулықтарға және басқа да нормативтік құқықтық актілерге сәйкес, сондай-ақ Халықаралық азаматтық авиация туралы конвенцияның Әуе кемелерін пайдалану, II бөлім, "Жалпыға арналған халықаралық авиация. Ұшақтар" 6-қосымшасының талаптарын есепке ала отырып

- өтініш беруші әзірлейді.
1. Нұсқаудың мазмұны:
- 1) Мазмұны;
  - 2) түзетулерді есепке алу парағы;
  - 3) басшылықтың және пайдаланушы персоналдың қызметтік міндеттері, жауапкершілігі және қызмет бабындағы сыйластығы;
  - 4) пайдаланушының ұшу қауіпсіздігін басқару жүйесі (сертификатталған 5700 кг астам ұшу салмағы бар әуе кемелері);
  - 5) ұшуға басшылық ету жүйесі;
  - 6) MEL қатысты талаптар (қолданатын кезде);
  - 7) қалыпты жағдайда ұшуды жүргізу;
  - 8) стандартты пайдалану рәсімдері (SOP);
  - 9) метеорологиялық шектеу;
  - 10) ұшу және жұмыс уақытының шектелуі;
  - 11) ұшудағы төтенше жағдайлар;
  - 12) авиациялық оқиғалар мен тосын оқиғаларды талдау;
  - 13) персоналдың біліктілігі және даярлығы;
  - 14) есепке алу құжаттамасын жүргізу;
  - 15) техникалық қызмет көрсетуді басқару жүйесін сипаттау;
  - 16) ұшу-техникалық сипаттамаларын пайдалануды шектеу;
  - 17) ұшу және тілдесу деректерін тіркеушінің жазбаларын пайдалану/сақтау;
  - 18) авариялық жағдай туындаған кезде қолданылуы тиіс іс-әрекеттерді қоса алғанда, қауіпті жүктерді тасымалдау жөніндегі нұсқаулық;

## Техникалық қызмет көрсетуді реттеу жөніндегі пайдаланушының үлгі нұсқауы

Техникалық қызмет көрсетуді реттеу жөніндегі нұсқау әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсетуді реттейтін қолданыстағы қағидаларға, нұсқаулықтарға және басқа да нормативтік құқықтық актілерге сәйкес, сондай-ақ Халықаралық азаматтық авиация туралы конвенцияның Әуе кемелерін пайдалану, II бөлім, "Жалпыға арналған халықаралық авиация. Ұшақтар" 6-қосымшасының талаптарын есепке ала отырып, өтініш беруші әзірлейді.

1. Техникалық қызмет көрсетуді реттеу жөніндегі пайдаланушының нұсқауы:

1) әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсетуді ұйымдастыру туралы ақпаратты, инженерлік-авиациялық қамтамасыз етуді жүзеге асыратын лауазымды адамдардың міндеттерін, жауапкершілігін және өкілеттігін;

2) әрбір әуе кемесінің түріне техникалық қызмет көрсету бағдарламасын (регламентін);

3) техникалық қызмет көрсету бағдарламасының (регламентінің) орындалуын және тиімділігін талдау мен тұрақты бақылау жүйесін;

4) пайдаланушының техникалық қызмет көрсету туралы деректерді тіркеуін және сақтауын;

5) ұшу жарамдылығына әсер ететін қателіктерді тіркеу мен жоюды қамтамасыз ету рәсімін;

6) әуе кемелерін пайдалану кезінде авиациялық тосын оқиғалар мен оқиғалар туралы азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органға хабарлау рәсімін;

7) әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсетуді қамтамасыз ететін адамдардың кәсіби даярлығы туралы қысқаша деректерді;

8) әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсетуді қамтамасыз ететін адамдардың тізімі (білімі, атқаратын лауазымы, техникалық қызмет көрсетуге рұқсатының болуы);

9) пайдаланушы орындайтын техникалық қызмет көрсету түрлерінің тізбесін;

10) әуе кемелерін түрлендіру және жөндеу туралы ақпаратты;

11) авиациялық техниканың жай-күйін бақылау, әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсетудің сенімділігі мен сапасын қамтамасыз ету туралы ақпаратты;

12) объективті бақылауды қолдана отырып, ұшу ақпаратын жасауды ашуды және қолдануды ұйымдастыру туралы ақпаратты (бар болса);

13) басқарушылық, нөмірлік және өндіріс-техникалық құжаттаманы қоса алғанда, пайдаланушылық құжаттаманы жүргізу туралы ақпаратты;

14) әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету жөніндегі жұмысты басқа ұйымдардың жүргізгенін растайтын құжаттарды (шарттарды);

15) халықаралық ұшуды орындау үшін белгіленген қосымша жабдық тізбесін



қамтитын әрбір әуе кемесіне арналған ақпаратты;

16) әуе кемесінің тағайындалған ресурсы, қозғалтқыштары, әуе кемесінің жұмыс істеген уақыты, оның қозғалтқыштары, винттері туралы мәліметтерді қамтитын әрбір әуе кемесіне арналған ақпаратты қамтиды.

Жалпы мақсаттағы авиацияны  
пайдаланушыларды ұшуға  
жіберу қағидасына  
8-қосымша

Н ы с а н

### Жалпы мақсаттағы авиацияны пайдаланушыны тексеру актісі

\_\_\_\_\_ (уәкілетті органның атауы)  
20 \_\_ жылғы " " \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ бұйрығына сәйкес мынадай  
қ ұ р а м д а ғ ы \_\_\_\_\_ к о м и с с и я :

Төраға: \_\_\_\_\_  
( Т . А . Ә . \_\_\_\_\_ л а у а з ы м ы )

Комиссия мүшелері: \_\_\_\_\_  
( Т . А . Ә . \_\_\_\_\_ л а у а з ы м ы )

Жалпы мақсаттағы авиацияны пайдаланушыға тексеру жүргізді

\_\_\_\_\_ (әуе кемесін пайдаланушының атауы)  
Қ о р ы т ы н д ы н ы ң \_\_\_\_\_ м ә т і н і  
Төраға: \_\_\_\_\_  
( Т . А . Ә . \_\_\_\_\_ л а у а з ы м ы )

Комиссия мүшелері: \_\_\_\_\_  
( Т . А . Ә . \_\_\_\_\_ л а у а з ы м ы )

А к т і м е н \_\_\_\_\_ т а н ы с т ы :

Жалпы мақсаттағы авиацияны пайдаланушыны \_\_\_\_\_  
( Т . А . Ә . ) \_\_\_\_\_ ( қ о л ы )

Жалпы мақсаттағы авиацияны  
пайдаланушыларды ұшуға  
жіберу қағидасына  
9-қосымша

Н ы с а н

Е л т а ң б а

**Ұшуды орындау құқығына арналған**

**КУӘЛІК**

**(жалпы мақсаттағы авиацияны пайдаланушы)**

№ \_\_\_\_\_

Қолданылу мерзімінің аяқталу күні:	Пайдаланушының атауы Пайдаланушының мекенжайы: т е л е ф о н ы : Ф а к с ы : Е - m a i l :	Пайдаланудағы жедел байланыс Байланыс ақпараты:
------------------------------------	--	--

Осы куәлік пайдаланушы \_\_\_\_\_

( п а й д а л а н у ш ы н ы ң а т а у ы )

қоса беріліп отырған пайдалану жөніндегі арнайы ережелерде белгіленгендей, Ұшу жөнінде нұсқауға және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 20\_\_\_\_ жылғы \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ қаулысымен бекітілген Жалпы мақсаттағы авиацияны пайдаланушыларды ұшуға жіберу қағидасына сәйкес ұшуды жүзеге асыру құқығы берілгенін куәландырады.

Инспекциялық бақылауды \_\_\_\_\_ жүзеге асырады.  
(уәкілетті \_\_\_\_\_ органның атауы)

МО Уәкілетті органның басшысы  
немесе ол уәкілеттік берген тұлға

-----  
( қ о л ы ) ( Т . А . Ә . )

Берілген күні: 20\_ж. "\_\_\_\_" \_\_\_\_\_  
У ә к і л е т т і о р г а н

-----  
(пайдаланушының атауы, №\_\_\_\_\_ куәлік)

**Пайдалану жөніндегі арнайы ережелер**

**(пайдалану талаптары мен шектеулері)**

А б ө л і г і - Ж а л п ы е р е ж е л е р

1. Қолданылуы. Осы пайдалану жөніндегі арнайы ережелер (шектеулер) Жалпы мақсаттағы авиацияны пайдаланушыларды ұшуға жіберу және әуе

кеңістігінде ұшу орындалатын шет мемлекеттің нормативтік құжаттарына сәйкес беріледі.

2. \_\_\_\_\_ берілген № \_\_\_\_ куәлігі бар Пайдаланушы " \_\_\_\_\_ " ұшуды \_\_\_\_\_ орындауға \_\_\_\_\_ даярланған.

3. Әуе кемелерін пайдалануға рұқсат. Пайдаланушы " \_\_\_\_\_ " ішкі (халықаралық) әуе желілеріндегі жалпы мақсаттағы авиация ұшуын орындау үшін мынадай жасап шығарушылар мен модельдердегі әуе кемелерін пайдалануға рұқсат етіледі:

Жасап шығарушы	ӘК түрі	Ең жоғарғы жүк көтергіштігі мен жолаушы сыйымдылығы
1	2	3

1-бағанда әуе кемесін жасап шығарушы зауыт көрсетіледі; 2-бағанда әуе кемесінің түрі және мемлекеттік тіркеу нөмірі көрсетіледі; 3-бағанда тонналық көрсеткіш және жолаушылар саны көрсетіледі.

\_\_\_\_\_  
(Уәкілетті органның басшысы немесе (қолы ) (Т.А.Ә)  
ол уәкілеттік берген тұлға)  
М О

Берілген күні: 20\_\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_  
Уәкілетті орган

\_\_\_\_\_  
(пайдаланушының атауы, №\_\_\_\_\_ куәлік)

### **Пайдалану жөніндегі арнайы ережелер (пайдалану талаптары мен шектеулер)**

А бөлігі - Жалпы ережелер (жалғасы)

Ұшуды орындау үшін экипажды пайдалану жөніндегі шектеулер.

Пайдаланушы " \_\_\_\_\_ " әуе кемелерін ішкі (халықаралық) әуе желілерінде төменде келтірілген ұшу құрамымен жалпы мақсаттағы авиацияның ұшуды орындау үшін мәлімделген әуе кемелерін пайдалануға рұқсат етіледі:

Р / с №	Лауазымы	Т. А. Ә.
1		

2		
3		

\_\_\_\_\_  
(Уәкілетті органның басшысы немесе (қолы ) (Т.А.Ә)  
ол уәкілеттік берген тұлға)  
М О

Берілген күні: 20\_\_\_ жылғы "\_\_\_"  
Уәкілетті орган

\_\_\_\_\_  
(пайдаланушының атауы, №\_\_\_ куәлік)

## ПАЙДАЛАНУ ЖӨНІНДЕГІ АРНАЙЫ ЕРЕЖЕЛЕР (пайдалану талаптары мен шектеулері)

В бөлігі - Бағыттардағы рұқсаттар мен шектеулер

Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган туралы байланыс ақпараты			
Телефоны: _____;		Факсы: _____; E-mail: _____	
ЖМА №: _____	Пайдаланушының атауы: _____		
Ә у е	к е м е с і н і ң		м о д е л і :
Ұшу түрлері: Коммерциялық емес әуе тасымалдары: __ Жолаушы; __ Жүктер; __ Өзгелері _____			
Ұ ш у	а у д а н ( д а р ) ы :		
А р н а й ы		ш е к т е у л е р :	
Арнайы рұқсаттар:	Иә	Жок	Арнайы бекітулер
Ескертулер			
Қауіпті жүктер	___	___	
Нашар көрінетін жағдайларда ұшу:			
Қонуға кіру және қону;	___	___	КАТ ___; RVR: ___ м;
Ұшып көтерілу;	___	___	D H : ___ м
	___	___	R V R : ___ м

R V S M ---	қолданылмайды	---		
E T O P S ---	қолданылмайды	---	Қосалқы әуеайлаққа дейінгі ұшудың ең ұзақ уақыты: __минут	
PBN жағдайларында ұшу үшін навигациялық ерекшеліктер		---		
Ұшу жарамдылығын сақтау	X	X		
Ө з г е л е р і		---		

(Уәкілетті органның басшысы немесе (қолы ) (Т.А.Ә)  
ол уәкілеттік берген тұлға)

М О

Берілген күні: 20\_\_\_ жылғы "\_\_\_"  
У ә к і л е т т і о р г а н

(пайдаланушының атауы, № \_\_\_\_\_ куәлік)

## ПАЙДАЛАНУ ЖӨНІНДЕГІ АРНАЙЫ ЕРЕЖЕЛЕР (пайдалану талаптары мен шектеулері)

С бөлігі - Әуеайлақтардағы рұқсаттар мен шектеулер

1. Жалпы ережелер. Пайдаланушы "\_\_\_\_\_" Азаматтық әуеайлақтар тізіліміне және аэронавигациялық ақпарат жинақтарына енгізілген Қазақстан Республикасының аумағындағы азаматтық авиация әуеайлақтарын пайдалануға рұқсат беріледі. Әуеайлақтар мемлекет аумағынан тыс жерде орналасқан жағдайда оларды пайдалану тәртібі осы мемлекеттің аэронавигациялық ақпарат құжаттарына сәйкес белгіленеді.

2. Аспаптар бойынша қонуға кіру тәртібі және әуеайлақтарды пайдалану м и н и м у м д а р ы .

а) Аспаптар бойынша қонуға кіру жүйелері: Пайдаланушыға аспаптар бойынша қонуға кірудің мынадай жүйелерін қолдануға рұқсат етіледі:

- қонуға кірудің дәл емес жүйелері: VOR, VOR/DME, 2NDB, PAR, NDB

- қонуға кірудің дәл жүйелері: ILS, I санаты

I L S , II с а н а т ы

I L S , III с а н а т ы

б) Аспаптар бойынша қонуға кірудің рұқсат етілген минимумдары:

ӘК түрі	Қ о н у ғ а к і р у ж ү й е с і						
	ILS	PAR+2NDB	2NDB	VOR/DME	PAR	NDB,	VOR

\_\_\_\_\_  
 (Уәкілетті органның басшысы немесе (қолы ) (Т.А.Ә)  
 ол уәкілеттік берген тұлға)  
 М О  
 Берілген күні: 20\_\_\_ жылғы "\_\_\_"  
 Уәкілетті орган

\_\_\_\_\_  
 (пайдаланушының атауы, № \_\_\_\_\_ куәлік)

### **Пайдалану жөніндегі арнайы ережелер (пайдалану талаптары мен шектеулері)**

D бөлігі - Техникалық қызмет көрсету  
 Пайдаланушы "\_\_\_\_\_" әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсетуге  
 Техникалық қызмет көрсетуді реттеу жөніндегі нұсқауда бекітілген Қазақстан  
 Республикасының азаматтық авиациясында техникалық қызмет көрсетуді және  
 регламенттік жұмыстар жүргізуді реттейтін стандарттарға, нормалар мен  
 ережелерге сәйкес және \_\_\_\_\_ жылғы №\_\_\_ техникалық қызмет көрсету  
 шарты бойынша жүзеге асыруға рұқсат етіледі.

Күрделі және қалпына келтіріп жөндеуге осы жұмыс түрлерін орындау  
 құқығына сәйкестік куәлігі бар авиакәсіпорындар мен жөндеу зауыттарында ғана  
 жүргізуге рұқсат етіледі.

Шетелге ұшуды жүзеге асыратын пайдаланушылар үшін мынадай  
 т о л ы қ т ы р у л а р ж а с а л а д ы :

- шетелдік әуежайларда техникалық қызмет көрсетуді орындау Халықаралық  
 әуе желілеріндегі ұшуды инженерлік-авиациялық қамтамасыз ету туралы  
 ереженің талаптарына сәйкес мәлімделген әуе кемелерінің түрлерінде дербес  
 техникалық қызмет көрсетуге қолданыстағы рұқсаты бар инженерлік-техникалық  
 персоналға техникалық қызмет көрсетудің қолданыстағы регламенттеріне және  
 технологияларына сәйкес рұқсат етіледі.

(Уәкілетті органның басшысы немесе (қолы ) (Т.А.Ә)  
ол уәкілеттік берген тұлға)  
М О

Берілген күні: 20\_\_\_ жылғы "\_\_\_"  
Уәкілетті орган

(пайдаланушының атауы, №\_\_ куәлік)

### **Пайдалану жөніндегі арнайы ережелер (пайдалану талаптары мен шектеулері)**

Е бөлігі - Әуе кемелерінің массасында рұқсат етілген стандарттық сандық нормалар, орталықтандыру және олардың шектеулері

ӘК түрі	Шекті салмақ ( кг )	Шекті орталықтандыру (% САХ)	
		алдыңғы	артқы

Шектеулер: Әуе кемелерін шекті массадан және шекті орталықтандырудан артық пайдалануға тыйым салынады.

(Уәкілетті органның басшысы немесе (қолы ) (Т.А.Ә)  
ол уәкілеттік берген тұлға)  
М О

Берілген күні: 20\_\_\_ жылғы "\_\_\_"  
Уәкілетті орган

(пайдаланушының атауы, №\_\_\_ куәлік)

### **Пайдалану жөніндегі арнайы ережелер (пайдалану талаптары мен шектеулері)**

G бөлігі - Жалға алынатын әуе кемелерін пайдалану  
(ӘК жалға алу бойынша шектеулер)

Пайдаланушы \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ әуе кемелерін пайдалануға пайдалану нормативтері мен ережелерінің қағидаларына, сондай-ақ осы пайдалану талаптарына сәйкес \_\_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ (А) \_\_\_\_\_ мен (Б) \_\_\_\_\_ арасындағы жалдау туралы шарт бойынша жалға алу құқығымен рұқсат етіледі.

Мұндай ұшуды жүзеге асыруға осы талаптардың В бөлігінде көрсетілген бағыттар бойынша және аудандарда және С бөлігінде аталған тиісті әуеайлақтарды пайдалана отырып және осы пайдалану талаптарында көрсетілген пайдалану минимумдарына сәйкес рұқсат етіледі.

Мұндай ұшу (А) пайдаланушының әуе кемелерінің \_\_\_\_\_ түрін және ұшу экипаждарын пайдалану арқылы жүзеге асырылады.

(А) пайдаланушы осындай ұшуға басшылық үшін жауапты болады.

\_\_\_\_\_  
(Уәкілетті органның басшысы немесе (қолы ) (Т.А.Ә)

ол уәкілеттік берген тұлға)

М О

Берілген күні: 20\_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_\_ " \_\_\_\_\_

Жалпы мақсаттағы авиацияны  
пайдаланушыларды ұшуға  
жіберу қағидасына  
10-қосымша

## **Куәлікті пайдалану жөніндегі арнайы ережелерге өзгерістер енгізуге арналған құжаттардың тізбесі**

1. Әуе кемесін Куәлікті пайдалану жөніндегі арнайы ережелерге енгізу кезінде өтінім беруші мынадай құжаттарды ұсынады:

- 1) осы Қағидаға 3-қосымшаға сәйкес өтінім;
- 2) әуе кемесіне техникалық қызмет көрсету туралы мәліметтер;
- 3) ұшу және техникалық құрам туралы мәліметтер;
- 4) әуе кемесін мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің көшірмесі;
- 5) ұшу жарамдылығы сертификатының көшірмесі, радиостанцияға арналған рұқсат (лицензия), әуе кемесі тұрған жердегі шу бойынша сертификат;
- 6) жалға алу туралы шарттың көшірмесі (егер әуе кемесі жалға алынса) және әуе кемесін қабылдау-тапсыру актісі;
- 7) Қазақстан Республикасының міндетті сақтандыру түрлері туралы заңдарының талаптарына сәйкес міндетті сақтандырудың сақтандыру полистерінің көшірмелері;
- 8) санитарлық-эпидемиологиялық қорытындының көшірмесі;
- 9) дезинсекция мен дератизация бойынша жұмыстар жүргізу туралы



а н ы қ т а м а ;

10) әуе кемесінің техникалық жай-күйін тексеру және жарамдылығын а н ы қ т а у а к т і с і ;

11) Ұшу жөніндегі нұсқауға және техникалық қызмет көрсетуді реттеу жөніндегі пайдаланушының нұсқауына тиісті өзгеріс пен толықтыру;

2. Экипаждарды Куәлікті пайдалану жөніндегі арнайы ережелерге енгізу кезінде өтінім беруші мынадай құжаттарды ұсынады:

1) осы Қағидаға 3-қосымшаға сәйкес өтінім;

2) осы Қағидаға 4-қосымшаның 6-тармағына сәйкес ұшу құрамы туралы д е р е к т е р ;

3) авиациялық персоналға арналған сақтандыру полистерінің көшірмелері;

4) мамандардың ұшу куәліктерінің көшірмелері;

5) жұмысқа қабылданғаны туралы бұйрықтың көшірмесі;

6) біліктілікті арттыру курстарынан өткені туралы құжаттардың көшірмесі.

3. Әуе кемелерін пайдалануды тоқтатқан және (немесе) ұшу құрамын қысқартқан жағдайда пайдаланушы азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органға осы әуе кемелері мен ұшу құрамының деректерін Куәлікті пайдалану жөніндегі арнайы ережелерден шығару туралы өтінім жібереді.

Жоғарыда көрсетілген барлық құжаттардың көшірмелері өтініш берушінің қолымен және мөрімен куәландырылады.